

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Мектепке дейінгі ұйымдардағы топтарды жазғы жинақтау - балабақша топтарды жаңа оқу жылына дайындайтын уақыт. Бұл кезеңде мектепке дейінгі дайындық бағдарламасын меңгерген балалар балабақшадан шығарылады және топтарға жаңа балақайлар қабылдана бастайды. Жазғы жинақтау жұмыстарын үйлестірумен қалалық Білім бөлімі не басқармасы айналысады. Қала неғұрлым үлкен болған сайын бұл рәсімді ұйымдастыру қиын болады. Жазғы жинақтау – бұл электрондық жинақтауға жаңа бос орындарды шығарудың ең үлкен процесі. Алайда балабақшада орындар жыл бойы босап жатады. Және балабақшаға электрондық кезек арқылы қабылдау процесі ешқашан тоқтамайды.

ЖАЗҒЫ ЖИНАҚТАУ КЕСТЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ

Мектепке дейінгі балалар ұйымдары жоспарланған кестені ұстануға тырысуы керек, бірақ кейбір балабақшаларда күндер өзгеруі мүмкін. Мұның себебі ретінде әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін: күрделі немесе ағымдағы жөндеу, техникалық проблемалар, жауапты қызметкердің ауруы және т. б. Сондықтан нақты ақпарат алу үшін INDIGO ақпараттық жүйесінде орналасқан «Орындардың босатылуы туралы хаттаманы» қадағалап отыру керек.

Бұл хаттама күн сайын Астана қ. уақытымен сағат 18:00-де жаңартылады және онда жинақтауға берілген орындар туралы нақты хронология көрсетіледі.

Барлық жаңа бос орындар алдымен басымдықты қолжетімділікке түседі, ал қалған талап етілмеген бос орындар болған жағдайда 3 жұмыс күні өткеннен кейін ғана жалпы қолжетімділікке ауысады және оны кезектілік ескерілмей кезектегі кез келген өтініш беруші пайдалана алады.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым кез-келген уақытта орындарды кері қайтарып алуға құқылы екенін ұмытпау керек. INDIGO ақпараттық жүйесінің «Бос орындар тізілімі» бөлімін пайдаланып, басымдылық немесе жалпы қол жетімді нақты орындарды бақылауға болады.

АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ

Қолданыстағы заңнама балабақшадағы орынға жолдаманы БАЛАНЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛІ ғана (ата-анасы, қамқоршысы, патронаттық тәрбиелеушісі және т.б.) алуға құқылы екенін анық көрсетеді. INDIGO ақпараттық жүйесінің жұмыс ережелері Жеке кабинетке кіру үшін деректерді үшінші тұлғаға беруге тыйым салады. Заңнаманың және ақпараттық жүйенің жұмыс ережелерін бұзу Жеке кабинеттің 6 айға бұғатталуына және балабақшамен жасалған шартты автоматтық түрде бұзуға әкеледі.

Жеке кабинеттерге қолжетімділікті үшінші тұлғаларға беру арқылы сіз қаржылық алаяқтықтың құрбаны болу қаупіне ұшырайсыз, өйткені алаяқтарға сіздің телефондарыңыз, балаларыңыз және банк шоттарыңыз туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Жеке кабинет иелерінің ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне немқұрайлы қарағаны жылдар өте келе ауыр салдарға әкелген жағдайлар белгілі. Алаяқтарға сенбеңіздер. Жақсылап ойланыңыздар. Заңнаманы мұқият оқыңыздар. Кез келген кеңесші мен жанашырларға сене бермеңіздер. **ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ ДЕРЕКТЕРІН БЕРУ БАНК ШОТЫҢЫЗҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРУМЕН БІРДЕЙ**

Техникалық кеңес алу үшін INDIGO порталындағы техникалық қолдау қызметіне жұмыс күндері сағат 09:00 - 18:00 аралығында жүгінуіңізге болады (операторлар өтініш түскен кезегі бойынша жауап береді).

Теміртау қ. Қарағанды облысы жазғы жинақтау кестесі

3 жастан бастап (2021 жылы 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығында туылған балалар)

- басым қол жеткізу күндері: 03.06.2024-05.06.2024

- жалпы қол жеткізу күндері: 06.06.2024 (егер қалса)

4 жастан бастап (2020 жылы 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығында туылған балалар)

- басым қол жеткізу күндері: 10.06.2024-12.06.2024

- жалпы қол жеткізу күндері: 13.06.2024 (егер қалса)

5 жастан бастап (2019 жылы 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығында туылған балалар)

- басым қол жеткізу күндері: 17.06.2024-19.06.2024

- жалпы қол жеткізу күндері: 20.06.2024 (егер қалса)

2 жастан бастап (2022 жылы 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығында туылған балалар)

- басым қол жеткізу күндері: 17.06.2024-19.06.2024

- жалпы қол жеткізу күндері: 20.06.2024 (егер қалса)

